



КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕНІ ҚАШЫҚТЫҚАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРУ

Садуақасова А.К.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Компьютерлік модельдеу және ақпараттық технологиялар
кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Токаева Ж.Т.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
кәсіби тәжірибе жетекшісі, магистр

Білікті мамандарды дайындауда кәсіби тәжірибе ерекше орын алады. Тәжірибеге бағытталған оқытуды жүйелі жүзеге асыру, ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына басшылық ету, С. Аманжолов атындағы ШҚУ білім беру бағдарламаларында іс-тәжірибенің көлемін 20 кредитке дейін арттыруға және өткізу базасын кеңейтуге мүмкіндік берді [1].

Университет 400-ден астам мекемелермен, кәсіпорындармен және ұйымдармен келісім-шарттар жасады. Қашықтықтан оқытуға көшуге байланысты, университеттің eUniver порталында "Кәсіби тәжірибе" модулі құрылып (<http://euniver>).



vkgu.kz/), оның компоненттері мен мазмұны әзірленді (Сурет 1). Осы шешімді қабылдауда облыс мектептерінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету міндеті де қойылды.

The screenshot shows a web interface for 'UNIVER'. The top navigation bar includes 'Главная', 'Ресурсы', 'Статистика по Университету', 'Статистика по Колледжу', and 'Вход'. Below the navigation, there are two main sections: 'Обучающий контент' (Educational content) and 'Добавить' (Add). Under 'Обучающий контент', there are links for 'Онлайн - конференция', 'Оценивание', and 'Электронный дневник - отчет'. The 'Добавить' section contains a table with the following data:

Специальность	Курс	Язык обуч.	Файл
Иностранный язык	3	Казахский	Скачать
Психология	2	Казахский	Скачать
Педагогика и методика начального обучения	3	Русский	Скачать

Сурет 1. Кәсіби тәжірибе модулі

"Кәсіби тәжірибе" модулі білім алушыларға, университет және мектеп тәжірибе жетекшілеріне сервистерді ұсынады және «Оқыту контенті», «Электронды күнделік-есеп», «Онлайн-конференция», «Білім беру ресурстарына сілтемелер», «Іс-шаралар күнтізбесі», «Бағалау» компоненттерінен тұрады. "Кәсіби тәжірибе" модулі кәсіптік тәжірибенің барлық кезеңдерін жүйелі ұйымдастыруды, пайдаланушылардың барлық топтарының тығыз байланыста болуын, бақылау, қорытынды жасау және бағалауды қамтамасыз етеді.

Модульдің ерекшелігі ашық қолданылудағы әдістемелік білім беру ресурстары банкін қалыптастыру, интерактивті режимде күнделік-есепті жүргізу болып табылады. Күнделік-есеп "жоспар-тапсырма" бөлімімен толықтырылған, ол қашықтықтан оқытуға көшуді есепке ала отырып, кәсіптік тәжірибенің түзетілген жұмыс жоспар-кестесінің негізінде қалыптастырылады. Модуль тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша құжаттарды жүктеу қызметі мен оларды университет және білім беру ұйымы жетекшілері тарапынан жазбаша талдау жасау мүмкіндіктерінен тұрады.




АКАДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

Оқыту контентін қалыптастыру тәжірибе бағдарламасына, білім алушының жоспар-кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізумен, педагогикалық технологияларды қолдану ұсыныстарын әзірлеуден (ТРИЗ, STEM, CLIL) басталды. Үздіксіз оқу-тәрбие тәжірибесі бойынша жұмыс-жоспары үзіндісінің мазмұнын мысал ретінде ұсынылады (Кесте 1).

Кесте 1. Білім алушының жұмыс жоспар-кестесіне енгізілген өзгертулерден үзінді

Педагогикалық (үздіксіз) іс-тәжірибе

	Сыныптағы оқыту түрі	Қашықтықтан оқыту түрі
	Кәсіптік іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес орындауға (зерделеуге) жататын жұмыстардың тізбесі	Кәсіптік іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес орындауға (зерделеуге) жататын жұмыстардың тізбесі
11	1. Тәрбиелік іс-шара өткізу; 2. Өткізілген іс-шараның толық өзіндік талдауын орындау; 3. Білім алушылардың химия мұғалімі/сынып жетекшісінің сабақтарына/іс-шараларына қатысу (1 академиялық сағат). 4. Химия пәні бойынша өткізілген сабақтың толық дидактикалық және психологиялық-педагогикалық талдауын орындау	1. КТЖ сәйкес тақырып бойынша "Айрен" бағдарламасында тестілік тапсырмалар, "Quizz" бағдарламасында оқушылардың білімін тексеру үшін интерактивті ойын викторинасын әзірлеу; 2. Zoom платформасын қолдану арқылы мұғалім, іс-тәжірибе жетекшісі және білім алушылар алдында әзірлемені онлайн режимде қорғау;



		3. Ағымдағы апта бойынша химия пәнінен бейнекөру және ұсынылған жоспар бойынша дидактикалық талдау жасау сабақтарды (ТД трансляция, Bilim-land, www.opiq.kz, Kundelik.kz және т.б.) . Талдау материалдарын тексеру және бағалау үшін "Кәсіби тәжірибе" модулінде электрондық күнделік-есеп бөліміне орналастыру;
...
13	<p>1. Білім алушылардың химия мұғалімі/сынып жетекшісінің сабақтарына/іс-шараларына қатысу (2 академиялық сағат);</p> <p>2. Ағымдағы күнделікте сабақтардың/іс-шаралардың қысқаша дидактикалық және психологиялық-педагогикалық талдауын орындау;</p> <p>3. Ата-аналар жиналы-сын, ата-аналармен жұмысты дайындау және өткізу әдістемесімен танысу;</p>	<p>1. "Plickers" әлеуметтік сервисінде және КТЖ сәйкес тақырыбы бойынша оқушылардың білімін тексеру үшін тест тапсырмасын әзірлеу;</p> <p>2. Мұғалім, іс-тәжірибе жетекшісі және академиялық топ білім алушыларының алдында әзірлемені онлайн режимде қорғау;</p> <p>3. "Кәсіби тәжірибе" модулінің "Ресурстар" бөлімі жиынтығынан химия бойынша бейне-сабақты көру; Сабаққа талдау жасау. Тексеру және бағалау үшін талдау материалдарын электронды күнделік-есеп бөліміне орналастыру;</p>




АКАДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

	Мектептің педагогикалық кеңесіне қатысу; Іс-тәжірибе бойынша құжаттарды ресімдеу; ММП дайындау. Қорытынды конференцияда іс-тәжірибе бойынша есепті қорғау;	Электрондық күнделік-есепті толтыруды аяқтау; Қысқаша аналитикалық есеп дайындау; Есепке қосымшаларды ресімдеу; Модульде іс-тәжірибе бойынша есепті бекіту; Есепті қорғау үшін презентация дайындау.
--	---	--

Өндірістік іс-тәжірибе

	Сыныптағы оқыту түрі	Қашықтықтан оқыту түрі
	Кәсіптік іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес орындауға (зерделеуге) жататын жұмыстардың тізбесі	Кәсіптік іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес орындауға (зерделеуге) жататын жұмыстардың тізбесі
11	<i>Диагностикалық қызмет</i> мекеменің тапсырысы бойынша мәселені зерттеу үшін диагностикалық құралдарды таңдау және негіздеме жүргізу; – диагностика жүзеге асыру үшін қажетті ынталандыру материалын дайындау, іс-тәжірибе жетекшілерімен келісу (email-пошта, мессенджерлер, бейне-конференция арқылы алмасу және т.б.);	Кәсіпорынның басқару қызметінің сипаттамасы. Кәсіпорынның ресми сайтымен жұмыс. Нормативтік базамен жұмыс атқару - Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ кодексі. http://www.zakon.kz



	<p>- мекеменің іс-тәжірибе жетекшісінен жүргізілген диагностика нәтижелерін алу, шыққан нәтижелерді талдау және түсіндіру, жиынтық матрицалар мен аналитикалық анықтама жасау. Қорытынды материалдарды іс-тәжірибе жетекшілеріне электронды түрде тексеру мақсатында жолдау;</p> <p>– іс-тәжірибе жетекшілірінің, академиялық топ студенттерінің қатысуымен онлайн-конференция режимінде шыққан нәтижелерді талқылау. Бағалау.</p>	
...
	<p>Психологиялық-ағарту қызметі</p> <p>– қала және облыс тұрғындарымен жұмыс бойынша құқық қорғау органдар қызметкерлері үшін ақпараттық материалдарды (үнпарақтар, брошюралар, мәселе туындататын жағдайлар бойынша шағын дәрістер) әзірлеу (күйзеліс</p>	




13	<p>жағдайлар, дүрбелең шабуылдарымен жұмыс, БАҚ ақпараттрына пікір білдіру). Ақпараттық материалдарды іс-тәжірибе жетекшілерімен талқылап бекіту (email-пошта, мессенджерлер, бейнеконференция арқылы алмасу және т.б.);</p> <ul style="list-style-type: none">– онлайн-конференция ре-жимінде ақпараттық мате-риалдар жобаларын қорғау;– қызметті мекеме өкілдерімен бірлесіп іске асыру;– жүргізілген психологиялық-ағарту жұмысының тиімділігі жағынан БАҚ, әлеуметтік желілер материалдарын талдау; Университет пен мекемелерден тағайындалған жетекшілердің электрондық пошталарына талдау нәтижелерін жолдау. Түзету енгізу мәселелерін онлайн-талқылау.	<p>Ұйымның әртүрлі қызметтерінің (кәсіпорындағы жоспарлы-экономикалық бөлім, бухгалтерия, қаржылық және маркетингтік бөлімдері), басқа да функционалдық бөлімдерінің міндеттері мен функцияларымен танысу. Кәсіпорындардағы жекелеген қызметтік бөлімшелерінің функциялары мен міндеттерімен терең танысу мақсатында өндірістік кеңестерге, жиналыстарға және басқа да әкімшілік іс-шараларға онлайн режимде қатысу.</p>
----	--	--

Тапсырмалар қашықтықтан оқыту шарттарына бейімделген және құрылымдалған. Мысалы бұлтық бағдарламаларда тапсырмалар әзірлеу, оларды бейнеконференциялар арқылы



қорғау, модульге жүктеу т.б. Тәжірибе жетекшілерімен білім алушылар және мектеп мұғалімдерімен бірлесе отырып мектептегі қашықтықтан оқытылатын сабақ тақырыптары бойынша маршруттық парақтар әзірленді. Атаған жұмыс білім алушылармен бекітілген мектептерде жалғасын табады. Денсаулық сақтау ортасын құру мақсатында бейне форматта оқушыларға артылатын физикалық және эмоционалдық жүктемені жеңілдету мақсатында жаттығулар ұсынылды. "Онлайн-конференция" Модулінің компоненті студенттер, тәжірибе жетекшілері, білім беру ұйымдарының мұғалімдері үшін әдістемелік оқыту веб-конференцияларын өткізу, сондай-ақ тәжірибе қорытындысы бойынша есептерді қорғау және оларды бағалау үшін барлық жағдай жасайды. Есептерді алдынала тексеру, формальды белгілері бойынша құжаттарды жинау Google диск бұлттық қоймасында [2], [3] жүзеге асырылады (Сурет 2).



Сурет 2. Білім алушылардың Google диск бұлттық қоймасында орналастырылған тәжірибе бойынша есептері



Тәжірибе жетекшісі есептерді алдын-ала бағалап, ескертулер жасайды. Білім алушылар бұлтта бір бірін бағалайды, ескертулерді түзетеді. Өз кәсіби біліктілігін анықтау үшін университет білім алушыларға сауалнама ұсынады. Мұнда Google форма бұлттық сервисі қолданылады [4]. Университеттің көптеген білім алушылары іс-тәжірибеге мектептер, кәсіпорындар, мекемелердің сұранысы бойынша жіберіледі. Тәжірибе базасының жетекшілері арасында өткізілетін сауалнама нәтижесінен білім алушылардың жоғары сұранысқа ие болып, терең білім мен кәсіби құзіреттеліктері қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Бағалау Google кесте бұлттық сервисі арқылы жүзеге асырылады.

Тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылардың ресурстар базасы қалыптасты: біздің студенттер өткізген ашық сабақтардың бейнежазбасы "Оқыту контенті" компонентіндегі "Ресурстар" бөлімінде орналастырылған. Студенттердің жасаған бейнематериалдары, қосымшалары, бағдарламалық өнімдері және т.б. студенттермен тәжірибені қашықтықтан өткізу жағдайында сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеу кезінде, сабаққа толық талдау жасау үшін ресурстар ретінде қолданылады. Орта мектептің негізгі бейінді пәндер тақырыптары бойынша бейнетека қалыптастырылды. Осылайша кәсіптік тәжірибе қорытындысы бойынша кәсіби тәжірибе модулінде "Ресурс" бөлімі толықтырылуда.

Университет құрған кәсіптік тәжірибе модулі қашықтықтан оқыту жағдайында мектеп және колледждерде білім алушылардың тәжірибесін, атап айтқанда психологиялық-педагогикалық,



үздіксіз тәжірибелерін ұйымдастыру және өткізу мәселесін шешуге мүмкіндік береді және білім алушыларға, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуге ықпал етеді.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. «Правила организации и проведения профессиональной практики и правила определения организаций в качестве баз практики обучающихся ВКГУ им. С.Аманжолова». Введено в действие с 01 марта 2019 г. (с изменениями и дополнениями).

2. Серік М., Садвакасова А.К., Сенбай Д. Бұлттық технологиялар негіздері– Астана, 2017. 111б.

3. A.K.Sadvakassova, M.Serik Cloud technologies in educational system of republic of Kazakhstan // Journal of Theoretical and Information Technology. Vol.95(11). Pakistan, 2017. -P. 2434-2441. SJR 0,17.

4. Серік М., Садвакасова А.К. Google сервисінің көмегімен желіде сауалнамалар құрудың әдістемелік негізі //Математикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда: VII Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015ж. – Б.175-178.